

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және
биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік
бірлестігі – Жобаларды басқару тобы мәжілісінің
№ 2 хаттамасы**

Алматы қ. офлайн /онлайн режимде

01 наурыз 2023 жыл

Қатысқандар: РОӘБ-ЖБТ мүшелері (онлайн форматта 118,
офлайн форматта 59)

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Ауыл шаруашылығы кадрларын даярлайтын ЖОО арасындағы Академиялық ұтқырлықты және білім беру бағдарламаларын оңтайландыру (баяндамашы – ҚазҰАЗУ Академиялық мәселелер жөніндегі Атқарушы директор Қайырбаева А.Е.);
2. «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын сәйкестендіру» тақырыбындағы секторлар жұмыстарын талқылау:
 - А) 6B081, 7M081, 8D081 Агрономия секторы
 - Ә) 6B082, 7M082, 8D082 Мал шаруашылығы секторы
 - Б) 6B083, 7M083, 8D083 Орман шаруашылығы секторы
 - В) 6B084, 7M084 Балық шаруашылығы секторы
 - Г) 6B086, 7M086, 8D086 – «Су ресурстары және суды пайдалану» секторы
 - Ғ) 6B087, 7M087, 8D087 Агроинженерия секторы
 - Д) 6B091, 7M091, 8D091 Ветеринария секторы
3. Әр түрлі сұрақтар

ТЫҢДАЛДЫ:

Мәжіліс отырысын РОӘК ОӘБ-ЖБТ төрағасының орынбасары А. Қайырбаева кіріспе сөз сөйлеп ашты. Ол, ҚР Ғылым және Жоғары Білім Министрлігі 22 шілде 2022 жылғы №2 бұйрығымен Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты бекітілгендігіне және 19 қаңтар 2023 жылы № 21 бұйрығымен кейбір тарауларына өзгерістер енгізілгендігіне тоқталып өтті. Атап айтқанда:

9. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (ЖЖОКБҰ) пәнаралық сипатқа ие Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклінің пәндері бойынша **интеграцияланған бағдарламалар әзірлей алады** және білім алушылардың экономика және құқық саласындағы құзыреттерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экология және өмір тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, сондай-ақ кәсіпкерлік дағдыларын, ғылыми зерттеу әдістерін қалыптастыруға бағытталғандығына;

11. Бейіндік пән және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде **176 академиялық кредитті** құрайтындығына;

13. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредитті құрайтындығына;

Қорытынды аттестаттауды өткізу нысандары мен рәсімін Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (ЖЖОКБҰ) дербес айқындайтындығына;

18. Үш тілде білім беру бағдарламаларын енгізетін Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (ЖЖОКБҰ) білім беру қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруды үш тілде: оқыту тілінде, екінші және ағылшын тілдерінде жүзеге асыратындығына;

Оқыту тілінде, екінші және ағылшын тілдерінде оқытылатын **пәндердің пайыздық арақатынасын** Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (ЖЖОКБҰ) дербес анықтайтынына;

20. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (ЖЖОКБҰ) Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) және кәсіптік стандарттар (бар болса) талаптарына сәйкес **жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейтіндігіне** тоқталып өтті.

Сондықтан, «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» бағыттары бойынша жаңартылған кәсіби стандарттар және «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлік палатасының ұсыныстары негізінде білім беру бағдарламаларын жаңарту немесе жаңадан әзірлеу кезінде осы өзгерістерді есепке алған жөн, -жеп атап көрсетті.

Сонымен қатар, Ауыл шаруашылығы кадрларын даярлайтын ЖОО арасындағы Академиялық ұтқырлықты және білім алушыларға басқа жоғарғы оқу орындарына ауысуы кезінде пәндердің бір-біріне сәйкес келмеу мәселесін болдырмау мақсатында білім беру бағдарламаларын оңтайландыру жұмыстарын жүргізу қажет, - деді сөзінің соңында А.Қайырбаева.

2. «Ауылшаруашылығы» және биоресурстар», «Ветеринария» мамандықтарының кадрларын даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын сәйкестендіру мәселесін талқылау үшін сектор жұмыстары жеке сала бойынша төмендегі секцияларға бөлініп, өзара талқылау жұмыстары жүргізілді:

1. «Өсімдік шаруашылығы»;
2. «Мал шаруашылығы»;
3. «Балық шаруашылығы»;
4. «Орман ресурстары және орман шаруашылығы»;
5. «Су ресурстары және суды пайдалану»;
6. «Агроинженерлік»;
7. «Ветеринария».

Сектор жұмысына ОӘБ-ЖБТ мүшелерінен басқа білім беру бағдарламаларының жетекшілері және әр факультетте құрылған Академиялық координаторлар қатысып, ортақ шешім шығаруға ат салысты.

Вагенинген университетімен жұмыс институты аудиторияларында алдын-ала айқындалған 7 секцияда сектор жұмыстары жалғасып, ашық талқылауға ЖОО өкілдері және ОӘБ мүшелері қатысып ЖОО компонентіндегі пәндер және кредит саны бойынша айырмашылықтар болмауы мақсатында талқылау жұмыстарын жүргізді. Болашақта ЖОО білім алушылардың ауысуы барысында және ұтымды академиялық ұтқырлықты іске асыруда қиындықтар туындамас үшін туындаған мәселелер сектор деңгейінде талқыланды.

Белгіленген уақыттан кейін ашық талқылау нәтижесінде қабылданған білім

беру бағдарламаларының жобасы ортақ талқылауға салынды.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

6B081, 7M081, 8D081 Агрономия секторының үйлестірушісі, ҚазҰАЗУ «Агробиология» факультетінің деканы Е.Абилдаевқа, 6B082, 7M082, 8D082 Мал шаруашылығы секторының мүшесі, ҚазҰАЗУ «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» кафедрасының профессоры Ш.Адылкановаға, 6B084, 7M084 Балық шаруашылығы секторы бойынша академиялық комитет мүшесі, «Орман ресурстары, аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Г.Искаковаға, 6B083, 7M083, 8D083 Орман шаруашылығы секторының мүшесі, ҚазҰАЗУ «Орман ресурстары, аңшылықтану және балық шаруашылығы» кафедрасының профессоры Қ.Абаеваға, 6B086, 7M086, 8D086 – «Су ресурстары және суды пайдалану» секторының мүшесі, ҚазҰАЗУ «Су ресурстары және мелиорация» кафедрасының профессоры И.Сейтасановқа, 6B087, 7M087, 8D087 Агроинженерия секторының мүшесі, ҚазҰАЗУ «Аграрлық техника және механикалық инженерия» кафедрасының қауымдастырылған профессоры Ж.Жумагуловқа, 6B091, 7M091, 8D091 Ветеринария секторының үйлестірушісі, ҚазҰАЗУ «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры Е.Махашовқа сөз берілді.

Олар ОӘБ-ЖБТ мүшелерімен ашық талқылау жұмысы нәтижелі жүргізілгендігін және ортақ шешімге келгендігін айта кетті. Білім беру бағдарламаларын құрастыру барысында пәндердің аталуы халықаралық стандарттарға сай және «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлік палатасының ұсыныстары негізінде, сонымен қатар ҚР Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің 22 шілде 2022 жылғы №2 бұйрығымен бекітілген және 19 қаңтар 2023 жылы № 21 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын» және «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» бағыттары бойынша жаңартылған кәсіби стандарттар негізге ала отырып қалыптастырылғандығын айта кетті. Пән айырмашылықтары болмауын қамтамасыз ету үшін барлық білім беру бағдарламаларындағы ЖОО компонентіне енгізілген пәндер ЖОО ортақ болатындығын, нәтижесінде білім алушылардың ЖОО ауысқан жағдайда және академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру барысында қиындықтар болмауына қол жеткізілетіндігіне тоқталып өтті.

Жұмыс барысында өз ойларымен бөлісу үшін өзге ЖОО-нан келген, ОӘБ-ЖБТ мүшелері Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің қауымдастырылған профессоры С.Шегеновке, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы С.Ахановқа, Шәкәрім университеті «Ауылшаруашылығы және биоресурстар» кафедрасының меңгерушісі К.Нұржановаға, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры К.Баязитоваға, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университетінің профессор М.Дуйсеновке, Алматы технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры Б.Джетписбаеваға сөз берілді.

Олар бүгінгі ОӘБ жұмысы оңтайлы жүргізілгендігін, осындай ашық талқылау жұмыстары офлайн форматта жүргізілгендігі дұрыс шешім қабылдауға септігін тигізгендігін, ЖОО оқытушылары бір-бірімен пікір алмасқанына және тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік беретіндігін, сонымен қатар бүгінгі отырыстың

нәтижесінде білім беру бағдарламаларын сәйкестендіру жұмысы оңтайлы шешімін тапқандығын айта кетті.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

Жеке секторлар жұмыстары толық қаралып, баяндалғаннан кейін мәжіліске қатысушылар бірауыздан ортақ шешім қабылдады.

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 22 шілде 2022 жылғы №2 бұйрығымен бекітілген және ҚР Ғылым және Жоғары Білім Министрлігінің 19 қаңтар 2023 жылы № 21 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген **Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының 20 тармағы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы (ЖЖОКБҰ) Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС) және кәсіптік стандарттар (бар болса) талаптарына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді».**

Осы тармақты есепке ала отырып,

- «**Ауылшаруашылығы және биоресурстар**», «**Ветеринария**» кадрларын даярлау бағыттары бойынша жаңартылған кәсіптік стандарттары негізінде білім беретін ЖОО арасында білім беру бағдарламалары сәйкестендірілсін (жауапты: ЖОО білім беру бағдарламаларының жетекшілері; мерзімі 01.04.2023ж.);

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің 23.09.2022 №79 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері», 3 параграф 43 тармағында «Академиялық ұтқырлығын қамтамасыз ету үшін білім алушылар басқа білім беру ұйымдарында, оның ішінде шетелде жекелеген пәндерді зерделейді. Бұл ретте білім беру ұйымдарының арасында екіжақты шарт жасалады».

Осы тармақты негізге алып,

- «**Ауылшаруашылығы және биоресурстар**», «**Ветеринария**» кадрларын даярлау бағыттары бойынша білім алушылардың ЖОО арасындағы ішкі Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру жұмыстары оңтайландырылып, жетілдірілсін. Білім алушыларды 1 академиялық кезеңнен кем емес мерзімге келісімшарт бойынша оқыту жүзеге асырылсын (жауапты: ЖОО; мерзімі 01.04.2023ж.).

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы және өзгертулер мен толықтырулар енгізілген ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 18.11.2022 № 145 бұйрығының 24 тармағында «Білім алушыларды қабылдауды жүзеге асыру үшін Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (ЖЖОКБҰ) "Білім туралы" Заңның 5-бабының 11) тармақшасына сәйкес бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік

қағидалары негізінде әзірленген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қабылдау қағидаларын әзірлейді, бекітеді және сақталуын қамтамсыз етеді». Осы тармақшаны негізге ала отырып,

- **Қазақстан Республикасындағы «Ауылшаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларын даярлайтын 24 ЖОО арасында білім алушылардың ауысуы кезінде пән айырмашылықтарының болмауына қол жеткізілсін (жауапты: ЖОО; мерзімі 01.04.2023ж.);**

4) **Қазақстан Республикасы ЖОО арасындағы Республикалық пәндік олимпиадаға енгізілген пәндер осы қабылданған білім беру бағдарламаларына енгізілген ЖОО компонентіндегі базалық және кәсіптік пәндерден құрастырылып, өткізілсін (жауапты: ЖОО; мерзімі 01.04.2023ж.);**

5) **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы және жаңа редакцияда бекітілген 09 тамыз 2021 №388 бұйрығының 11 тармағына «Ғылыми-педагогикалық магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын кешенді тест тапсырады».**


Осы тармақты негізге алып:

- **Магистратураға түсу үшін тапсырылатын емтихан пәндері осы білім бағдарламаларында айқындалған базалық пәндер мен кәсіптік пәндерден жасақталсын (жауапты: ЖОО; мерзімі 01.04.2023ж.);**

6) **Жоғары оқу орындарының ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы негізінде:**

Жоғарыда аталған, сәйкестендірілген білім беру бағдарламалары бойынша 24 ЖОО 2023-2024 оқу жылында 1 академиялық кезеңнен кем емес мерзімге келісімшарт бойынша профессорлық-оқытушылар құрамына дәріс оқуға құқық беру ұйымдастырылып, жүргізілсін (жауапты: ЖОО; мерзімі 01.04.2023ж.).

Жобаларды басқару топтарының администраторы –
оқу-әдістемелік бірлестік хатшысы



Ж. Кенжебекова

ОӘБ-ЖБТ төраға орынбасары
Академиялық мәселелер жөніндегі
Атқарушы директор



А. Қайырбаева